

Қарағанды мемлекеттік техникалық
университеті
Тау-кен факультеті
Маркшейдерлік іс және геодезия
кафедрасы
№ 12 хаттама
22.11.2018 ж.

Қарағандинский государственный
технический университет
Горный факультет
Кафедра Маркшейдерского дела
и геодезии
протокол № 12
22.11.2018 г.

ГиК-17-3 тобының шеберлік сағаты
Құратор Жумадилова Д.К.
Хатшы (староста) Кенжебай Н.Н.
Қатысқандар: 19 адам
Қатыспағандар: 0 - адам

- Күн тәртібі:** 1. Қазақстанда телекоммуникация саласының дамуы
Әр түрлі: 2. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы.
3. Оқу жұмысы.

ТЫҢДАЛДЫ: Топ құраторы Жумадилова Д.К. шебер сағаттың тақырыбын және мақсатын атап өтті. Шебер сағатқа барлық студенттер қатысты. Студенттер телекоммуникация саласының тарихына тоқталып, Қазақстан телекоммуникация саласының дамуының негізгі мақсаттарын, маңыздылығын слайд-презентацияда көрсетіп және баяндама жасалды. Содан соң, интерактивті әдісті қолдана отыра, студенттер «Байланыс құралдары», «Ақпарат», «Ғаламтор» атты үш топқа бөлініп, әр топ «Телекоммуникация саласының даму тарихы», «Қазақстанда телекоммуникация саласының дамуы» және «Телекоммуникация саласының түрлері» деген тақырыптар бойынша жоба қорғады. Тақырып бойынша алған ақпараттарды бекіту мақсатында, «сұрақ-жауап» викторинасында әрбір топ бірнеше сұрақтарға жауап берді. Соңында қорытынды жасалып, үш топ үш номинация бойынша мадақтама қағаздарымен марапатталды. Шебер сағатына Жетпісбай Ш. А. «Серпін-2050» оқу орталығының жетекшісі, Тунғышбаева А. Т. тәрбиелік жұмыс бойынша деканның орынбасары, Сейдахмет І. О. патриоттық тәрбие беру ҒЗИ әдіскері қатысты.

Шебер сағатының аяғында Жетпісбай Ш. А. «Серпін-2050» оқу орталығының жетекшісі өз сөзінде студенттер мен топ құраторы дайындаған шебер сағатының сәтті өткенін атап өтіп, құттықтау айтты.

ӘРТҮРЛІ: 21 қараша күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы шықты. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы екі бөлімнен тұрады. Алғашқысы «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» деп аталады. Мақаланың аты айтып тұрғандай, негізгі бөлім Ұлы даланың жеті қырын айқындап береді. Оның ішінде жеті қазынамыздың бірі жылқыға ерекше мән беріліп отыр. Ұлы дала халқы металл өндіру мен терен тарихымен мақтана алады. Аталған мақалада жоғары айтылған тарихи тың деректер мен архивтерден табылған құнды құжаттар ұлттық сарындағы жана деректі және көркем фильмдердің сценарийлеріне арқау болатыны айтылған. Қорыта келгенде ұлттық санасы жаңғырып, рухани жаңғыру жолында тарихын түгендеп, атына қайта мінген қазақтың кеудесін ешкім баса алмайды. Өз ойымды ел басының «Қазақтың тарихында қазақ ұялатын ештеңе болған жоқ», - деген сөзімен аяқтап, және болашақта ұлт тарихында ұлт ұялатын еш нәрсе болмайтынына сенім білдіргім келеді.

Топ құраторы Жумадилова Д.К. сабақты босатпай, кешікпей келу, тапсырмаларды уақытында орындау, кафедра, факультет және университет өміріне белсенді қатысу, оқытушылармен бірігіп мақала жазу қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: келтірілген ақпараттарды мәліметке алу.

Топ құраторы
Староста

Жумадилова Д.К.
Кенжебай Н.Н.